

Кітапхана жұмысы туралы ақпарат

Кітапхана өз қызметін мектеп дамуының негізгі бағыттарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай әдеби шығармаларымен және оқулықтармен қамтамасыз етуге, мәдениеттілігін арттыру, оқырмандарға кітап таңдауға көмектесу. Кітапхана мұғалімдер мен оқушылардың жаңаша ізденісі нәтижесінде жаңа ақпараттық технологиялармен, ғылыми, қосымша әдебиеттермен қамтамасыз етеді. Кітапхананың жұмысы білім беру және тәрбие мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Кітапхананың жұмысы бірнеше бөлімдерге байланысты атқарылады. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхана мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, жалпы көлемі 66 кв.м.

Кітапхана толық интернет желісіне қосылған. Мектеп кітапханасында 1 дана моноблок, 1 дана компьютер, 1 дана принтер, оқушылар мен мұғалімдерге арналған 6 компьютер бар.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс-шаралар жоспар бойынша бекітіліп, атқарылды.

- «Библиофреш» кітапханаға жаңа келген әдеби шығармалар мен балалар басылымдарына библиографиялық шолу жасалды.
- Жаңа түскен кітаптарға виртуалды кітап көрмесі.
- «Досыңа кітап сыйла» акциясы.
- «Менің оқыған кітабым» ұсынылған әдебиеттердің ішінен таңдап оқу (оқыған кітабынан мағлұмат беру)
- Жоғарғы және бастауыш сыныптар бойынша «Менің сүйікті ертегімді иллюстрациялаймын», «Мен сүйікті кітабымды иллюстрациялаймын» атты оқыған ертегілерден және де оқыған шығармаларының кейіпкерлерін иллюстрациялау сағаттары

"Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күздік демалыс кезінде **«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз»** атты іс-шаралар аясында күздік демалыста оқушыларымыз өздеріне ұсынылған әдеби, ертегі шығармаларын оқып, Қабіболла Сыдиықов атындағы Облыстық әмбебап кітапханасына саяхаттаған. Және де ата-аналарымен уйде кітап оқуды үздіксіз жалғастыруда.

«Оқы және өзгеге сыйла» Буккроссинг шарасы.

Мақсаты: мектеп кітапханаларының қорын заманауи кітаптармен толықтыру.

Күтілетін нәтиже:

Кітапханадағы кітап сөресінде көркем әдебиеттер жинақталады.

- оқушы өзіне ұнаған кітабын сөреден алып оқиды.
- оқыған оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды.
- Қабіболла Сыдиықов атындағы Облыстық әмбебап кітапханасында

"Оқитын ұлт" жобасы аясында **«Кітапқа құштар бала»** тақырыбында әдеби сайыс.

- Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеев-120жыл.
«Жазушы шығармасы сурет әлемінде» атты байқау
- «Менің сүйікті ертегім» оқыған ертегілерінен кейіпкерлердің суретін салу
- «Кітап-оқу марафоны» қатысушылар өздерінің таңдаған кітабын оқиды (15 минут кітапханаға келіп оқу)
- Қазақтың ұлы педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсаринның – 180 жыл толуына орай тақырыбында кітап көрмесі, слайд, Ыбырай Алтынсаринның Таза бұлақ кітабынан үзінді.
- «Қыста оқимыз» тақырыбында оқушылар Жиренше шешенің әңгімелерін оқып әңгімелеп берді (онлайн).
- Қабиболла Сыдиықов атындағы облыстық әмбебап кітапханасында тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елдің ұланымын» атты әдеби-танымдық кеш. Өткізілген іс-шаралар мектептің Instagram желісіне жарияланды.

Кітапхананың кітап қоры

№	Жалпы кітап қоры	2022-2023	2023-2024	2024-2025 01.01. дейін
1	Жалпы кітап қоры: оның ішінде: - негізгі қор - оқулықтар қоры	41791 9039 32752	49010 9502 39508	47238 10207 37031
2	Электрондық оқулықтар	100	150	160
3	Мерзімді басылымдар	30	31	25

Кітапхана туралы мәлімет

№	Атауы	2024-2025 оқу жылы
1	Жалпы көлемі	66 кв/м
2	Қойма	30 кв/м
3	Оқырман саны	2831
4	Келушілер саны	4418
5	Кітап берілу саны	3863

Биылғы 2024-2025 оқу жылына жаңадан 3 сыныптардың «Бейнелеу өнері», «Еңбекке баулу», «Ағылшын тілі» және «Жаратылыстану» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері, 1-сыныпқа жұмыс дәптерлер, қорландыру циклі бойынша, 9 сыныпқа жаңадан шыққан «Қазақстан географиясы» және

«Қазақстан тарихы» оқулығы, 8 сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулықтары және қосымша көркем әдебиеттер сатылып алынды.

Барлық данасы-7049,(оның ішінде әдістемеліктер-30,электронды оқулықтар-9, көркем әдебиеттер - 982 дана).

2024 жылы данасы 8821, сомасы 14781051,50. тенге болатын ескірген, тозығы жеткен көркем әдебиеттер мен оқуға жарамсыз оқулықтар есептен шығарылды.

2024 жылдың 01.01 дейін жалпы кітап қоры 47238 дана. 1-11 сыныптарына оқулықтар 100 пайыз жеткілікті.

	Оқушыларды оқулықпен қамту көрсеткіші		Оқулықпен қамтылуы
Сыныбы	2024-2025 оқу жылы	Оқулық саны	
	Оқушы саны		
1	158	350	100%
2	167	240	100%
3	158	200	100%
4	146	175	100%
5	123	179	100%
6	123	180	100%
7	170	244	100%
8	153	230	100%
9	167	210	100%
10	117	205	100%
11	106	160	100%
Барлығы:	1588	2373	

Кітапхана меңгерушісі



Утепбаева Н.